



IX Международная  
научно-практическая конференция  
**«Бизнес и образование:  
вектор развития»**

**25**  
лет



Международная  
Академия  
Бизнеса

## Материалы

IX Международной  
научно-практической конференции

**«Бизнес и образование:  
вектор развития»**

**РОЛЬ ИННОВАЦИЙ  
В МЕЖДУНАРОДНОМ  
ТРАНСФЕРЕ ЗНАНИЙ**

**8 февраля 2013 г.**

Business Development: Marketing, PR, Advertising, Art

Боранбаева З. И., МАБ Дисциплина "Русский язык" для студентов из казахских диаспор дальнего зарубежья	235
Жақыбаева Қ. А., ХБА Шәкәрім аудармаларының маңыздылығын үйрету	237
Иманбердиева С.Қ., ХБА Қазақ өнімдерін латын қарпі негізінде рәсімдеу	241
Koilybaeva R. K., <i>Central Asian University</i> How to form the lingua-cultural competences of students in teaching foreign language on the basis of lingua-cultural aspects of language	244
Кутыбаев А.Д., МАБ Современные тенденции развития образовательной отрасли и роль иностранного языка в этом контексте	247
Мусабаева М.Д., ХБА Туған тілдің толғағы (Қазақ орфографиясының кейбір мәселелері жайында)	250
Мырзаханов Т.А., МАБ Профессионализмы и метафоричные термины в экономическом дискурсе	252
Садыр Г.Ә., Садыров Г.А., ХБА, С.Ж.Асфендияров ат. ҚазҰМУ Оқу мәтінің ерекшеліктері	255
Солтанбекова Ғ.Ә., ХБА Қазақ жарнама мәтіндерінде ұлттық мәдениетке қатысты вербалды емес құралдарды қолдану	257
Hioară N., Chiosea A., Guțu-Gordienco I., Ruga E., <i>ASEM, Chișinău, Moldova</i> Meaning Subtleties Determining the Completion of Communicative Act	260
Шахгулари В.В., МАБ Особенности формирования межкультурной коммуникативной компетентности у будущих специалистов	263
<b>СЕКЦИЯ 9.</b>	
<b>Креативные отрасли и возможности для развития предпринимательства: маркетинг, PR, ре- клама, искусство</b>	
<b>Кәсіпкерлікті дамытуға арналған креативті салалар мен мүмкіндіктер: маркетинг, PR, жарнама, өнер</b>	
<b>Creative Industries and Opportunities for Business Development: Marketing, PR, Advertising, Art</b>	
Абен А.С., <i>КИСИ</i> Маркетинг в территориальном управлении Казахстана	268
Давлетова М.Т., <i>УМБ</i> Совершенствование сбытовой деятельности компании «Крафт Фудс Казахстан»	273
Мацько В.В., <i>ОМГУ, Омск</i> Methods of forming the image of the organization by means of social responsibility	279
Слонимская М.А., <i>ВГТУ, Витебск</i> Trade-off анализ как метод маркетинговой логистики	282
Смыкова М.Р., МАБ Маркетинговый анализ развития туристской инфраструктуры Казахстана	285
Sokhatskaya N.P., МАБ Peculiarities of internal marketing in the hospitality industry in Kazakhstan	289
Тулембаева А.Н., Бейжанова А.Т., МАБ Туризмнің дамуын жоғарылатуда маркетингтік технологияларды қолданудың маңыздылығы	293
Шапошников С.В., <i>МГУ им. М.В. Ломоносова</i> Креативные отрасли как источник устойчивого развития: пример Азии	296



## Оқу мәтінің ерекшеліктері

Қазіргі таңда тілдерді оқытуың өзекті мәселесі оқу мәтінің болып отыр.

Өзге мәтін түрлерімен салыстырғанда (мысалы, көркем, ресми-іскерлік, публицистикалық мәтін түрлері белгілі бір бейнені құруға, қатынастық жүйені қалыптастыруға және бағалауға бағытталған), оқу мәтінің бірінші кезекте білім беру мен мәліметтер жиынтығы арасындағы байланыстарды көрсетуге бағытталған.

Оқу мәтінің оқытудың негізгі мазмұнды бірлігі болып табылатындығы белгілі. Кез келген оқу мәтінің өзінің құрамында білім беру, тәрбиелік және дамытушылық бағыттардың болуымен сипатталады. Сондықтан оқу мәтінің берілу үрдісінде үйренушінің оқу материалдарымен жұмыс істеуін ынталандырып, өзіндік ерекше қасиеттерінің дамуына ықпал етіп, оның санасында әсер қалдыруға арналғандығы айқын.

«Оқу мәтінің» термині ғылыми-әдістемелік әдебиетте әрқалай қарастырылады. Авторлардың көбісі оған оқу құралдары мен оқулық материалдарын жатқызады. Кейбір авторлар «оқу мәтінің» терминін кең мағынада қолдануын ұсынады, өйткені олар кітаптағы мәтіндік материалдарды құру әдістері, мәтіндер және иллюстрациялар болып табылады.

Оқу мәтінің көптеген лингвистердің зерттеу объектісі. Мысалы, А.Э. Бабайлова оқу мәтінің зерттеп, келесі анықтама беріп отыр: «Оқу мәтінің - оқудың мәтіндік коммуникациясы, мәтіндік іс-әрекеттің оқыту бірлігі. Бұл оқытудың белгілі бір кезеңінде белгілі бір топтағы адамдарды біліктілік пен дағдылыққа үйрететін, белгілі бір пән бойынша берілетін жүйелі білім негізінде тілдік және бірыңғай жүйедегі композициялық мағынадағы дидактикалық мақсатта ұйымдастырылған мазмұндық-мағыналық мәтін» [1,130].

Г.Жофкова оқу мәтінің кең мағынада түсіну тұрғысынан келіп, оған оқулықтың мәтіндік материалдарын түгелімен жатқызады (мәтіндер, жаттығулар, презентациялар) [2,7].

А.А.Сабининаның пікірінше, оқу мәтінің мазмұнды және оқу ақпараттарды меңгеру-геарналған. Бұл лексикалық құрылымы мен мағынасы бар, біртұтас және байланыстырылған, өзектіленген, дидактикалық ұйымдастырылған материалдар. Оқу мәтінің коммуникацияға қатысушылар арасында байланыстырушы тізбек болып табылатын сөйлеу қызметінің нәтижесі [3, 222].

Сонымен, қандай да бір пәнді меңгеру барысында оқытуға қажетті, әрі қызықты кезкелген мәтін - оқу мәтінің болып табылады.

Біріншіден, оқу мәтінің - үйретуші мәтін. Сондықтан оқу мәтінің үйренушінің іс-әрекетін ынталандыратын, уәждемеленетін және жүзеге асырылатын, нәтижесінде оқу үрдісі алдында тұрған мақсаттарға жеткізетін құралдарды қамтуы тиіс.

Оқу мәтінің маңызды сипаттамасы оның ақпаратты сақтауға бағытталуы, жалпы және кәсіби білімді иемденушілігі, үйренушілердің санасы мен олардың ынтасына әсер етуі.

Оқу мәтінің мәтіндік қызметтің қалыптасуына, сөйлеу қызметі түрлерінің дамуына арналған және өзінің мазмұндық негізінде тәрбиелік, жалпы және арнайы білімді кеңейтетін құрал қызметін атқарады.

Тілдерді оқыту үрдісі барысында коммуникативті-когнитивті тәсілдеме анықтаушы болып отыр, өйткені оқытудың практикалық мақсатына байланысты оқу мәтінің - мәтіндерді білікті түсіну мен өзбетімен мәтіндерді құруға баптайды.

Оқу мәтінің күрделілігі мен сипаттамасы үйренушінің мәтінді өңдеу үрдісі барысында алатын білімнің тереңдігі мен ерекшелігіне байланысты анықталады. Оқыту үрдісінде мәтін дидактикалық материал болып табылады. Әдетте, оқытушылармен көркем, ғылыми, публицистикалық мәтіндер ұсынылады. Мұндай материалдарды мысал ретінде пайдалану грамматикалық, орфографиялық біліктілік пен дағдылықты қалыптастырып ережелер мен нормалар түсініктерімен таныстыру мүмкіндігін береді. Мәтін - тілдерді оқытудың негізі болуы үшін тілді үйренушілер мәтіннің стилистикалық ерекшеліктерін ескере отырып, мәтіннің құрамдас элементтерін жақсы түсініп, меңгеріп, оның логикалық құрылымын талдай білуі қажет.

Тілдік оқу мәтінің мазмұнының таңдамасы дидактикалық мақсаттармен, оқу үрдісінің нақты міндеттерін жүзеге асыруымен байланысты. Мысалы, оқу материалдарын меңгеру барысында қандайда бір дидактикалық әдістерді пайдалану (диспут, пікір-талас, диалог) немесе өзгеде тапсырмаларын таңдау (түсіндірме, сұрақтар және т.б.) болып отыр.

Оқу мәтінің белгілі бір нәтижеге әкелетіндігі тек тілді үйренушілердің мәтінді қабылдауда белсенді қызығушылығына байланысты

екендігін айтып кетуіміз қажет. Сондықтан оқу мәтіні қолжетімді, толығымен түсінікті және үйренушілердің білімінің деңгейіне сай болуы қажет. Мысалы, 1 курс студенттері үшін пайдаланатын тілдік мәтіндер құрылымдық жағынан бірыңғайлықпен ерекшеленіп, алғашқы оқу кезеңінде үйренушілердің деңгейіне арнайы бейімделуі тиіс. Әркелкі құрылымы бар мәтіндерге көшу, мәтін мазмұнының күрделілігінің ұлғаюына байланысты, біртіндеп оқу барысында жүзеге асырылуы тиіс. Бұл үйренушілерге соңында күрделі мәтіндермен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Оқу мәтіндерімен жұмыс істеу барысында бірінші кезекте мәтіннің мағынасын терең түсіну, ойдың жүйелілігі, жаңа сөздерді меңгеру мен олардың лексикалық тіркесімдік мәселесі тұр.

Студенттермен мәтінді түсінуде оның негізгі идеясы, мағыналық құрылымы, автордың негізгі ойларының мәтін ішінде орналасуы, ойды білдіру тәсілдері мен жолы, мәтін ішінде салыстырманың болуы және мәтіннің абзацқа бөлінуі секілді ерекшеліктер әсер етеді.

Тілдік оқу мәтіндердің оқу-танымдық және кәсіби бағыттары бар. Сонымен қатар, әрбір тілдік оқу мәтінде мәдинеттанушылық құндылықтарды (рухани және өмір құндылықтары) қамтып, өзектілікпен және үйренушілер тарапынан қызығушылық болып, пәнаралық байланысты жүзеге асыруға бағытталуы тиіс.

Меңгерген оқу мәтіні негізінде студент жаңа мәтін құрастырады, ал бұл өз алдына студенттің ақыл-зерделілігін көрсетіп, дүниетанымдық көзқарасын қалыптастырып, оның тұлға ретінде шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер:

1. Бабайлова А.Э. Текст как продукт, средство и объект коммуникации при обучении неродному языку. Саратов, 1987.- 77с.
2. Жофкова Г. Роль и место учебного текста в концепции учебника русского языка как иностранного // Стереотипность и творчество в тексте: межвузовский сборник научных трудов. Пермь, 1999, сс. 2-9
3. Сабина А.А. Учебный текст: структура и прагматика. //Известия РГПУ им. А.И. Герцена. М., 2009, №97, сс. 222-225